

ЖАСТАР ТІЛІНДЕ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Кадина Ж.З., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Сағынтаева А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлығының бір тармағы — мақал-мәтелдер. Бұл — халықтың өмірге деген көзқарасын, дүниетанымын, тәрбие мен өнеге жөніндегі тұжырымдарын жинақтаған, ойдың мәйегі саналатын құнды мұра. Мақал-мәтелдер — елдің тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен, тіршілік тәжірибесінен алынған, уақыт елегінен өткен, ойлы да орамды сөз үлгілері. Олар қысқа әрі нұсқа, мазмұны терең, сондықтан да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тәрбиелік мәнін жоғалтпаған.

Заман өзгерген сайын тіл де, ұлт санасы да жаңғырып, сонымен қатар кейбір рухани құндылықтар көмескі тартып, жаңа таным түсініктер қолданысқа ене бастайды. Қазіргі күнгі жастар — жаһандық жаңғыру кезеңінде өмір сүріп жатқан буын. Ғаламтор, телебайланыс, жаңа тұрпаттағы ақпарат құралдары секілді жаңа дүниелер жастардың ойлау жүйесіне, сөз саптауына тікелей әсер етуде. Бүгінгі таңда жастар арасында мақал-мәтелдері қолдану сирек құбылысқа айналған, кейбір мақалдарды түсіну дәрежесі де көмескі тартқан.

Мақал-мәтелдер — ата-бабаларымыздан қалған рухани қазына, даналықтың, тәлім-тәрбиенің көзі. Мақал-мәтелдер — жас ұрпақтың санасына ізгілік, имандылық, кішіпейілділік, еңбексүйгіштік сынды адами қасиеттерді сіңіретін құрал. Мақал-мәтелдер тәрбиенің барлық саласын қамтиды.

Ұлттық дүниетаным мен болмысты, халықымыздың өмір сүру салтын ұрпақтан-ұрпаққа танытатын рухани жадымыздағы ерекше байлығымыз. Мақал-мәтелдерді қолдану сөйлеуде әуезділігі, ырғағы, ұйқасымен ерекшеленіп, сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, тіл байлығын арттырып, көркем ойлауға баулиды.

Сондықтан мақал-мәтелдерді оқу, түсіну, қолдану — тек тілді ғана емес, рухани жадымызды да байытатын қазына. Бүгінгі ұрпақ ата-баба қалдырған осы асыл мұраны қадірлеп, оның мән-мағынасын ұғына білсе — рухани бай, ұлттық негізде тәрбиеленген шынайы тұлға болып қалыптасары сөзсіз.

Жастардың сөз саптауларында қолданып жүрген мақал-мәтелдерінің мағынасын толық түсінбеуі, салдарынан орынсыз айтылу немесе мүлде сол жағдаятқа қатысыз мәнде қолдануы ұшырасады.

Сонымен қатар, TikTok, Instagram, Facebook, Telegram сияқты платформаларда мақал-мәтелдерді бейімдеп қолдану кеңінен тараған. Жастар видео контент жасағанда қысқа, әсерлі, “құлаққа жағымды” мақалдарды жиі пайдаланады.

Мысалы: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген мақал мотивациялық роликтерде жиі айтылады. «Не ексең, соны орасың» — өзін-өзі дамыту, жетістікке жету туралы контенттерде кең қолданылып жүр. Қуанарлығы жастар цифрлық кеңістікте мақал-мәтелдерді цитаталар ретінде пайдалана алып, оның ықшам әрі терең мағынасының ұтымдылығымен жаңа кезеңде өмір сүруін қамтамасыз етіп отыр.

Жастардың арасында әлеуметтік желілерде, түрлі медиа құралдарында, күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын мақал-мәтелдер, оларды тану, түсіну маңызды болып табылады. Жастар арасында ең көп қолданылатын мақал-мәтелдер көбінесе мотивациялық, тәрбиелік мәні бар, қысқа да нұсқа болып келеді. Олардың мазмұны негізінен өмірдің түрлі қиындықтарына төтеп беруді, адал еңбек ету мен ізгі ниеттілікті насихаттайды. Мысалы, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Жақсы сөз — жарым ырыс», «Бірлік бар жерде, тірлік бар» сияқты мақал-мәтелдер жастар арасында кеңінен қолданылатынын байқаймыз. Бұл мақал-мәтелдер адамды еңбекқор болуға, жақсы қарым-қатынас жасауға, қиыншылықтарға төзімді болуға үйретеді.

Белгілі бір дәрежеде жастардың ауызекі сөйлеуінде қолданылу аясы кең деуге болатын бірнеше мақал-мәтелдерді атайық: «Ұстаздан шәкірт озар», «Болмасаң да ұқсап бақ», «Сабыр түбі — сары алтын».

Қандай қиын жағдай болса да, шыдамдылық танытқан адам ақырында үлкен жетістікке жететінін, адамды сабырлы, төзімді болуға үндейтін мақал-мәтел. «Сары алтын» деген теңеу — сабырдың аса бағалы қасиет екенін білдіреді. Яғни, асықпай, ойланып әрекет ету — табыстың кілті.

«Оқу — инемен құдық қазғандай». Бұл мақал-мәтелде білім алудың оңай жолмен келмейтінін, көп еңбек пен табандылықты қажет ететінін білдіреді. Білімалушылар өздерінің алға қойған негізгі мақсаттарына жету жолында қажыр-қайрат, шыдамдылық талап ететінін жақсы түсінеді және ойларын сөйлеуде мақалмен бере алады. «Бес саусақ бірдей емес» бір ұядан, бір ортадан тәлім-тәрбие алғандардың да түрлі мінез-құлық көрсетуі, не түрлі деңгейде адамгершілік, білімпаздық көрсететіні болады. Бұл қолданыс аясы біршама жиі кездесетін мақал-мәтел болып табылады. Әлеуметтік желілерде, сондай-ақ жастар арасындағы бейресми әңгімелерде бейімделген мақал-мәтелдер кеңінен қолданылуда. Қазіргі заманның жылдам ақпараттық дәуірінде жастар кейде дәстүрлі мақал-мәтелдерді заманауи тұрғыда өзгертіп, **орынсыз немесе мағынасына сәйкес келмейтін жерлерде** қолдану үрдісіне жиі барады. Мұндайда теріс түсінік қалыптасып, негізгі ой бұрмаланады, халық даналылығының құнын түсіреді. Мысалы: «**Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ**». Дұрысы: адам өз ойын айтуға құқылы, сөз үшін жазалау дұрыс емес. Қате қолданылуы: дөрекі, орынсыз пікір білдіріп алып, өз әрекетін «Тіл кеспек жоқ қой» деп ақтауға тырысу. Бұл сөз бостандығын емес, **әдепсіздікті** ақтауға айналады.

Халықтың сан ғасырлық тәжірибесі мен дүниетанымының жемісі болған мақал-мәтелдер — рухани қазынамыздың ең бай әрі терең қабатын құрайды [1]. Дегенмен, қазіргі жаһандану дәуірінде, интернет пен ақпарат ағыны күшейген уақытта, кейбір мақал-мәтелдер жастардың жадынан көмескі тартып, қолданыстан шығып бара жатыр. Бұл — бір жағынан, заманның тілдік, әлеуметтік және мәдени өзгерістерімен байланысты болса, екінші

жағынан, тіл мұрасына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеуінің салдары. Ұмытылып бара жатқан мақал-мәтелдер – белгілі бір кезеңде маңызға ие болған, алайда бүгінгі жастардың тілдік қорында сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтіндері. Бұл мақалдардың мазмұны мен құрылымы жастарға беймәлім, кейде тіпті түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан оларды жаңғырту, қазіргі контексте қайта тану – ұлттық құндылықтарды сақтау жолындағы маңызды қадам болуы тиіс.

Көптеген мақал-мәтелдер көненің көзіндей болғандықтан, олардың сөздік қоры мен мәні де тарихи-мәдени қабаттармен тығыз байланысты. Қазіргі жастарға беймәлім немесе сирек қолданылатын мақалдарға төмендегілерді жатқызуға болады:

- «Көш жүре түзелер» – бірден ойдағыдай бола бермейтін іс туралы терең мәні бар бұл мақал қазіргі жастар тілінде сирек айтылады.
- «Қуыс үйден құр шықпа» – қонақжайлылық пен дастарқан мәдениетін, адамдар арасындағы қарапайым сыйластық, жомарттық ділімізге тән дәстүрлердің жойылуымен бірге азайып барады.
- «Алыстан сермеп, жүректен тербеп» – бұл көркем сөйлеу өнерін білдірсе де, қазіргі заманның жедел қарқынында ондай мәнерге орын аздау болып барады.
- «Таяқ етген өтеді, сөз сүйектен өтеді» – кейде денеге тиген соққыдан, салмағы ауыр не астарлап айтылған сөздің мәнін ұғу қазіргі жастар үшін күрделі әрі беймәлім.

Ұмытылып бара жатқан мақал-мәтелдердің бір ерекшелігі – олардың құрамында қазіргі күнделікті тілде қолданылмайтын көне сөздер немесе жастар үшін мағынасы бұлыңғыр тіркестер кездеседі. Мысалы:

- «Ала қойды бөлек қырққан» – бұл мақал қоғамдық ынтымақсыздықты білдірсе де, қазіргі жастар “қырқу”, “ала қой” ұғымдарын сирек қолданатындықтан, мәнін түсінбей жатады.
- «Көлденең көк атты» – атты тек ақы төлеп, қалада қызық үшін мініп көрген жастарымыз тілінде бұл сөз тіркесі бүгінде қолданыстан тыс қалған.

•**«Көсеу ұзын болса, қол күймес»** “көсеу” – сөзінің мағынасын түсінбейтін жастар үшін бұл мақалдың мән мағынасы бұлыңғыр, қолданыста кездеспейді.

Мағынасы терең, ойды дәл берген мақалды кез келген дау-жанжалда, өз ойыңды астарлы жеткізуде, шешім қабылдағанда, заман талабына сай түрлі жағдаяттардағы спикерлікте орнымен, жүйелі қолданудың шешен сөйлей білуде маңызы зор.

Ұмытылып бара жатқан мақал-мәтелдерді сақтау үшін, алдымен, оларды жүйелі түрде жинақтап, түсініктемесімен бірге ұсынуға болады. Білім бағдарламасына заман талабына сай икемделген әдістемемен енгізу, интерактивті ойындар мен цифрлық платформаларда қолдану – мақал-мәтелдердің жас буынға жақындай түсуіне ықпал етері анық. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде танымал жастар, блогерлер, контент жасаушылар ұмытылып бара жатқан мақал-мәтелдерді жаңаша форматта жеткізе алса, олардың қоғамдық қолданыс аясын кеңейтуге болады. Мақал-мәтелдер – өткеннің шежіресі ғана емес, болашақтың да рухани іргетасы. Оларды сақтау – тарихи-мәдени мұраға деген құрметтің көрінісі. Егер бүгін біз ұмыт бола бастаған мақалдарды тірілтіп, оларды қазіргі жастарға бейімдеп ұсына алсақ, келешек ұрпаққа баға жетпес қазына қалдыра аламыз.

Әр халықтың таным-түсінігі, мәдениеті мен болмысы оның тілінде, әсіресе тілдік даналық үлгілерінде бейнеленетіні сөзсіз. Осы тұрғыдан қарағанда, мақал-мәтелдер – тек көркем сөздің формасы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананың, дүниетанымның, өмірлік қағидалардың жиынтығы [2]. Қоғам дамып, өмір салты өзгерсе де, халық даналығының мәні жойылмауы тиіс.

Соңғы жылдардағы ұлттық санаға деген бетбұрыс, мәдениетке құрмет, төл әдебиетке деген қызығушылық жастарды да халықтық тілдік дүниетанымға жақындатып келеді. Жастар мақал-мәтелдерді белгілі бір тақырыптық шеңберде қолдануға бейім. Ең көп кездесетіндері: еңбек, білім, ақыл, дос пен дұшпан, бірлік пен татулық, адалдық пен әділеттілік, сабыр мен шыдам, мақсат пен жетістік жайлы мақалдар. Жастардың сөйлеу тіліндегі мақал-мәтелдердің жиілігі мен контекстік сәйкестігі — олардың дүниетаным кеңістігінің кең екенін білдіреді. Сонымен қатар, бұл — отбасында, мектеп қабырғасында, әлеуметтік ортада берілген тәрбиенің жемісі.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер — ұлттық тәрбие мен танымның, халық даналығы мен өмірлік тәжірибенің ажырамас бөлігі. Жастар бұл мұраны меңгеріп, өз өміріне қолдана білсе, ұлт руханияты дами түседі. Себебі мақал-мәтел — тек сөз емес, ол — өмір, тағылым, тәрбие. Ол — тілдің тұнығы, тарихтың үні, рухтың сәулесі. Ендеше, мақал-мәтелді жас ұрпақтың жүрегіне ұялатайық, тілінде сөйлетеіік, санасына сәуле етейік. Сонда келешек ұрпақ ел мерейін бүгінгі жеткен биігінен аласартпай, жаһандану деп аталатын үдерістің теріс ықпалын бойына дарытпай, әлемдік даму көшіне ілестіре алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ фольклористикасы [Мәтін]. Қазақ ССР Ғылым академиясы. –Алматы: Ғылым, 1972. –298, [1] б. (<https://kazneb.kz/kk/catalogue/view/1570573>)
2. Жұмағұлов Ж. Мақал мен мәтел және олардың поэтикасы. –Алматы: Рауан, 1990.
3. Омарова Р.С. Халық тәлімі-тәрбие бастауы. Қазақстан мектебі, 2010.
4. Құрманбай Г.С. Сөз тәрбие (мақал-мәтелдер тағлымы). –Астана, 2011.
5. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. –Алматы: Рауан, 1994.
6. Смайлов А.Т. Қазақтың мақал-мәтелдері. –Алматы: «Көшпенділер баспасы», 2003.-312бет.
7. Жылқыбаева Ш. Мақал-мәтелдердегі ұлттық тәрбие. Егемен Қазақстан, 2018.